


Г.А. Құрақ^{1*} , К. Қабылғазина² , М.Б. Шиндалиева¹ 

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kurak.gulb@mail.ru

ҚАЗАҚТІЛДІ БАҚ-ТАҒЫ ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ: ТАРИХЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Шетелдік БАҚ саласында журналистік зерттеу тамырын тереңге жайып үлгергенімен отандық салада әлі де болса ақсап тұр. Егер демократия, сөз бостандығы дамыған елдерге тән дейтін болсақ, онда журналистік зерттеу оның айқын көрінісі болу керек. Шетелдік тәжірибені назарға ала отырып, біз өзімізге сай стандартты қалыптастыруға міндеттіміз. Өйткені аталмыш саланың үлкен саяси салмағы мен әлеуметтік маңызы барын естен шығармағанымыз абзал.

Мақаланың мақсаты – журналистік зерттеудің тарихын, қазіргі қазақтілді БАҚ-тағы журналистік зерттеудің маңыздылығын қарастыру, олардың деңгейін анықтау, қылмыстық істерді әшкерелеудегі журналистік зерттеудің маңыздылығын талдау.

Ғылыми-практикалық мәні – бұл тақырып әлі де болса Қазақстан аумағында зерттеле қоймаған. Ақпараттық қоғам дәуірі күн сайын өзгеріп отыратындықтан жаңа көзқарас, жаңа пікір мен зерттеулер әрқашан сұранысқа ие, сондықтан да мақалада қазақтілді БАҚ-тағы журналистік зерттеудің ерекшеліктері туралы мәселелер қарастырылды.

Зерттеу әдіснамасы ретінде талдау, талқылау, шолу, дедукция және индукция, болжам әдістері қолданылды.

Күтілетін нәтиже – зерттеу нәтижесі бойынша отандық БАҚ саласындағы журналистік зерттеудің орнын, оның жазылу, дайындалу ерекшелігін жүйелі зерттеп және ұтымды, нәтижелі жұмыс дайындау. Зерттеу арқылы бұл саланың маңыздылығын, құндылығын, өзектілігін арттыру көзделеді.

Зерттеу құндылығы: Бұл мақалада шетелдік ғалымдардың, журналистік теориялық, тәжірибелік еңбектері қарастырылған. Елдің бас газеті саналатын «Егемен Қазақстан» газетіндегі журналистік зерттеулер талданды. Орыс, ағылшын, америкалық ғылымда бұл сала зерттелгенімен, қазақстандық тәжірибе әлі де болса жеткіліксіз. Өйткені, журналистика саласында бұл мәселе енді ғана жүйелі түрде қарастырыла бастады.

Түйін сөздер: журналистік зерттеу, БАҚ, ақпараттық қоғам, репортаж, тақырып, Егемен Қазақстан, гипотеза, стилистика.

G.A. Kurak^{1*}, K. Kabylgazina², M.B. Shindaliyeva¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

²Kazakh Al-Farabi National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kurak.gulb@mail.ru

Investigative Journalism in Kazakh-Speaking Mass Media: History and Practice

Although investigative journalism in the field of foreign media is a rather neglected industry, this is not true for the country. If we will talk about democracy, developing freedom of speech, then the investigative journalism should be a vivid manifestation of it. Taking into account foreign experience, we are obliged to form our own standards. We must remember that this area has great political weight and social significance.

The purpose of the article is to review the history of investigative journalism, the value of investigative journalism in modern Kazakh-language media, determine its level, analyze the significance of investigative journalism in identifying criminal cases.

Scientific and practical significance: this topic has not yet been studied on the territory of the Republic of Kazakhstan. Since the era of the information society is changing every day, the research from a new perspective is always in demand.

The methods of analysis, discussion, review, deduction and induction, forecasting were used for the research.

The result of the research is the definition of the place of journalistic investigation in the field of domestic media, the specifics of its writing, preparation and rational, productive work. The study provides the significance, value, and relevance of this industry.

The value of the research: this article examines theoretical and practical work of foreign scientists, journalists. Journalistic investigation in the newspaper “Egemen Kazakhstan”, which is the main official newspaper of the country, is analyzed.

Key words: investigative journalism, mass media, information society, reportage, topic, Egemen Kazakhstan, stylistics.

Г.А. Курак^{1*}, К. Кабылгазина², Б. Шиндалиева¹

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

e-mail: kurak.gulb@mail.ru

Журналистское расследование в казахоязычных СМИ: история и практика

Журналистские расследования в области иностранных СМИ, несмотря на сложность и опасность темы, являются довольно распространенным жанром. Если говорить о демократии, развитой свободе слова, то журналистское расследование должно быть ярким ее проявлением. Принимая во внимание зарубежный опыт, мы обязаны формировать собственные стандарты. Мы должны помнить, что эта область имеет большой политический вес и социальное значение.

Цель статьи – рассмотреть историю журналистских расследований, значение журналистских расследований в современных казахоязычных СМИ, определить их уровень, проанализировать значимость журналистских расследований в выявлении уголовных дел.

Научно-практическое значение – эта тема еще не изучалась на территории Республики Казахстан. Поскольку события в информационном обществе меняются каждый день, исследования с новой точки зрения всегда востребованы. Статья посвящена особенностям журналистских расследований в казахоязычных СМИ.

В качестве **методологии исследования** использовались методы анализа, обсуждения, обзора, дедукции и индукции, прогнозирования.

Ожидаемый результат – разработка по результатам исследования места журналистского расследования в области отечественных СМИ, специфики его написания, подготовки и рациональной, продуктивной работы. Исследование прогнозирует повышение значимости, ценности, актуальности данной отрасли.

Ценность исследования: в данной статье рассматриваются теоретические и практические работы зарубежных ученых, журналистов. Проанализированы журналистские расследования в газете «Егемен Қазақстан», которая является главной газетой страны. На российской, английской, американской арене эта область хорошо изучена, но казахстанского опыта явно недостаточно для полноценной аналитики.

Ключевые слова: журналистское расследование, СМИ, информационное общество, репортаж, тема, Егемен Қазақстан, гипотеза, стилистика.

Кіріспе

Ғылыми әдебиеттердегі журналистік зерттеудің ерекшелігіне қатысты кем дегенде үш пікір қалыптасып үлгерген. Біріншісі «журналистік зерттеу журналистік жанр ретінде өмір сүрмейді, өйткені тілшінің әрбір сөзі түптеп келгенде – зерттеу» деген пікір. Екінші пікірді былай тұжырымдауға болады: журналистік зерттеу – арнайы жанр емес, ол – кәсіби пішін. Бұл екі пайымдаудың айқын айырмашылығына қарамастан, оларды журналистік зерттеудің жанрлық ерекшелігін жоққа шығару пікірі біріктіреді және сайып келгенде, үшінші пікірді журналистік зерттеуді басқалардан ерекшеленетін бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіз жанры деп санайтындар да табылады. Әрбір көзқарасты жақтаушылар түсініктемені қажет ететін дәлелдер келтіреді. Журналистік зерттеу журналистиканың ерекше жанры ма деген сұрақ теориялық және практикалық

қызығушылық тудырады және ерекше назар аударуға тұрарлық кейс. Қазір бұқаралық ақпарат құралдарында басымдық танытып отырған жаңалықтар журналистикасы оқырманға дүниенің оқиғалы бейнесін ұсынады. Бұл оқиғаның объективтілігіне ұмтылған журналист болған жайтты немқұрайлы жеткізуші ретінде бере салмайды. Ол, ең алдымен, болған жайтты оқырманға, көрерменге немесе тыңдаушыға хабарлайтын керекті фактілерді тандайды. Бұл ойластырылған процесс, оны жүзеге асыруда оқырмандар сұранысы мен басылымның бағыты, тілшінің жеке қасиеттері ескеріледі.

2012 жылдың 30 қазанында жарияланған Қазақстан Республикасының этикалық кодексінің басында былай делінген: «Сенімділік, толықтық және объективтілік мақсатында журналист ақпараттарды түрлі көздерден алу үшін барынша күш-жігер жұмсайды. Журналист өзінің қызметінде деректерді, пікірлерді, бағамдарды,

болжамдарды, нұсқаларды және жорамалдарды жеке көзқарасы тұрғысынан нақты айыра біледі». Ақпараттық жанрларда фактілерді сипаттау кезінде автордың позициясы жасырын түрде көрінсе, аналитикалық жанрларда ол тұжырымдар мен болжамдар арқылы ашық көрсетіледі. Өрбір факт жалқы және жалпыны қамтиды. Фактілердегі жалпыны ерекшелеп, оларды жинақтай отырып, журналист оқырманға назар аударуға, зерттеуге тұрарлық құбылысты ұсынады. Бұл құбылысты зерттеу барысында автор өз пайымдаулары мен ұсыныстарын білдіреді.

Материалдар мен әдістер

Журналистік зерттеу – қазақ журналистикасындағы жаңа және қажетті әдістерінің бірі. Шетелдік зерттеушілердің пікірінше, бұл жанр АҚШ-та ХІХ ғасырдың соңында дүниеге келді. Кейбір жазбаларда олардың авторлары ХХ ғасырдың басында «макрейкерлер» деп аталды. Ресейде зерттеу әдісін алғашқылардың бірі болып тарихшы, жазушы және публицист, «Пугачев тарихының» авторы А.С. Пушкин қолданды. «Журналистік зерттеу» терминінің көптеген анықтамалары бар. Сонымен қатар кейбір журналистер бұл жанр түрі көбінесе әлеуметтік әділеттілік пен есеп беру мәселелеріне қатысты қоғамдық ақпарат пен деректерді белсенді пайдалануды қамтитынын айтады.

1990 жылдары журналистік зерттеу өз жалғасын тапты. Сол кезде аты танымал емес Мэтт Драдждің 1998 жылы редакцияда АҚШ Президенті Билл Клинтон мен «Ақ үйде» тәжірибелік сынақтан өтіп жүрген Моника Левинскидің арасындағы қарым-қатынасты дәлелдейтін құжаттарды көріп қалады. Алайда, «сенсациялық» ақпаратты әшкерелеуге ешкімнің батылы бармады. Тек Драдждің ғана өзінің сайтында бұл жаңалықты, басқа бұқаралық ақпарат құралдарының қолына жетпей тұрғанда жариялап жібереді. Айта кету керек, 1995 жылдан бастаған бұл сайттың атауы әлі күнге дейін «Drudge Report» (Драдждің баяндамасы) деп аталады. Міне, бір ғана журналистік зерттеудің нәтижесі бұқаралық ақпарат құралына қанша жетістік, атақ-даңқ әкелетінін осыдан көруге болады (Robert B. Downs, 1970:280).

«Журналистік зерттеу бойынша нұсқаулық» (Story-Based Inquiry: a manual for Investigative Journalists), ЮНЕСКО жариялаған бұл еңбекте терминге келесідей анықтама беріледі: «Зерттеу журналистикасы билік басындағылардың біреуі әдейі жасырған немесе кездейсоқ ақпарат пен жасырын фактілерді оқиғаларды қалың

көпшіліктің назарына ұсынады. Мұндай іс-шаралар құпия және қоғамдық сияқты көптеген көздер мен құжаттарды пайдалануды талап етеді». Голландиялық-фламандтық журналистер қауымдастығы (VVOJ) журналистік зерттеуді «сыни және терең журналистика» деп сипаттайды. Алайда, кейбір журналистер өздерінің кез келген репортаждарын іс жүзінде журналистік зерттеу деп санайды. Бұл жерде бір ақиқат бар, зерттеу әдістерін жас журналистер де, бірнеше жылдар бойы журналистика саласында еңбек етіп келе жатқан авторлар да кеңінен қолданады. Зерттеу мақаланың сәтті шығуы автордың тәжірибесіне де байланысты.

Америкада пайда болған журналистік зерттеу алғашында әшкерелеу сипатындағы газет-журналдарға мақалалар, кітаптар жазатын, журналистер, жазушылар, публицистер, социологтар тобынан тұрды. Осы топ Америка қоғамын сынайтын материалдар дайындаумен айналысты. Бұлардың ішінде жанжалды коррупция, пара алу, мұнай, көмір тағы басқа пайдалы қазбалар айналасындағы ірі махинацияларды, тірі жан иелерінің саудасымен айналысқан қаскөйлердің қылмысын әшкерелейтін дүниелерді жазумен айналысқан. Осындай мақалалар жазған топ өкілдері, өз қызметтерінің қоғамдық әділеттілікті орнататына, зұлымдықты түбегейлі жоятынына сенімді болды (Ullmann John, 1995:224)

Тәжірибелі журналистер зерттеу журналистикасының ең жақсы мысалдары мұқият ойластырылған әдіснаманы қолданады, оның ішінде бастапқы көздермен мұқият жұмыс жасау, гипотезаларды қалыптастыру және бақылау, сондай-ақ фактілерді мұқият тексеру. Зерттеу материалдарын әдетте 1-2 күн ішінде жасауға болмайды. Мұқият зерттеу үшін уақыт қажет. Иллинойс университетінің журналистика саласындағы «Knight Chair of Journalism» орталығының қызметкері, көптеген жылдар бойы журналистер мен тергеуші редакторлар ұйымының (Investigative Reporters and Editors) атқарушы директоры Брант Хьюстон: «Журналистік зерттеу өте маңызды, өйткені ол бізге жаңа әдістер мен тәсілдерді үйретеді, шындықты халыққа жеткізеді», – деді (Brant Houston, 2008).

Ресейлік ғалым Л.З. Чиликина атап өткендей, ТМД елдерінде журналистикалық зерттеу ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында белсенді дами бастады. «Литературная газета» басылымында зерттеу бөлімі құрылып, «ЛГ эксперименттері», «Мораль және құқық», «Жаңа тарих» айдарымен сыбайлас жемқорлық туралы материалдар жарияланып отырған. 90-шы жылда-

ры журналистикалық зерттеулер мемлекеттік институттардың қызметін әлеуметтік бақылаудың қуатты құралдарының бірі ретінде қарастырыла бастады, сондықтан жасырын ақпарат алуға қабілетті журналистерге сұраныс пайда болды.

Қазақ басылымдарындағы журналистік зерттеулерді қарастыра келе, оның негізгі мақсаты: қоғамның назарын аударатын құбылыстар, оқиғалар, сыбайлас жемқорлық жағдайларын жариялау; жасырын саяси, экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық қылмыстарды ашу екенін анықтадық. Журналист өз мақаласында жасырын мәліметтерді әшкерелей отырып, сөзсіз дәлелдерді ұсыну арқылы мәселені шешіп, халық назарына ұсынады.

Ғалым, филология ғылымдарының докторы К.Қамзин журналистік зерттеуге айқындама деп түсінік береді. «Біздің бұлай ат қоюымыздың себебі: бұл жанр түрімен түпкілікті айналысұшылар көмескі, бұлыңғыр деректердің, оқиғалардың астарына, орын алған құбылыстың, қылмыстың себеп-салдарына үңіледі, оның адами, психологиялық және әлеуметтік табиғатын айқындау түседі. Журналистік айқындаманың өзі түсіндірме-комментарийден өсіп-өніп шығады», – деп жазады (Қамзин К, 2012). Ал, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сағат Медеубекұлы журналистік зерттеуге «айғақтама» деп атауды ұсынған болатын. Яғни оқиғаның нақтылығын дәлелдейтін, зерттеу жүргізетін айғақ.

Қазақтілді журналистика тарихында журналистік зерттеу әдісінің кейбір үлгілері сонау ерте замандағы көркем шығармалардың өн бойынан көрініс тауып отырды. Журналистика жанрларының тарихына шолу жасап, талдамалы жанрларды зерттеген профессор К.Қамзин алғашқы журналистік зерттеу жұмыстарының элементтерін батырлар жырларынан, «Мың бір түн» хикаясынан кездестіруге болады деген пікір айтады. Мысалы, «Мың бір түн» жырында мынандай оқиға айтылады. Судагерше киініп алып, түнде өлең айтып, қораны басына көтеріп жатқандардың кім екенін білгісі келіп түнде аралап жүру һарон-Рашидтің ежелгі әдеті. Міне, журналистік зерттеу жүргізу барысында, ақпаратты жинаудың, деректерді іздеудің осындай әдістері осы салада да жиі кездесіп жатады. Осыған ұқсас, батырлар жырынан тағы бір мысал келтірсек, «Алпамыс батыр» жырындағы Алпамыстың диуана кейпіне айналып, Ұлтанды сынауы, оған ештеңе бергісі келмеген патшаның елден қуып жіберуді сұрағаны. Дәл осындай сю-

жет «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» лиро-эпостық жырындағы Қозының диуана кейпінде Баянға баруы, ал жырдың кейбір нұсқаларда Қозы Баянға жұпыны киіммен барып, жылқы бағуға жалданған екен. Міне, осындай деректердің бәрі журналистік зерттеудің ежелгі публицистикада аналогтық элементтері бар екендігін дәлелдейді. Нақтырақ айтсақ, бұл тәсіл – мақсаты үшін басқа кейіпке ену, есімін, кәсібін өзгерту. Сондықтан да журналистік зерттеу әдісі біздің қазақ қоғамына, қазақтілді БАҚ-тар да тосын құбылыс деп айта алмаймыз.

Журналистік зерттеудің қазақ тарихындағы озық үлгілерін қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы Шоқан Уәлихановтың жазбаларын көрсек болады. Бұл тұрғыдан келгенде, біздің қазақ халқының журналистік зерттеулерінің негізін қазақ зиялыларының тарихи деректерге құрылған құнды шығармаларынан іздегеніміз жөн. Жеті жұрттың тілін меңгерген, сегіз қырлы бір сырлы, өнер мен білімді қос қанатындай көріп, өркениетке қол созатын ұрпақ тәрбиелеуді міндеті көрген, зиялы қазақ әулетінің талантты тарланы, ғұлама Шоқан Уәлихановтың «Қырғыздар туралы жазбалар» атты шығармалар жинағын тілге тиек етпей кетуге болмас. Шоқанның танымал туындыларын, ғалымдар, жолсапар очерктеріне жатқызып жүр. Әрине оған теріс пікір айта алмаймыз. Алайда жол үстінде жүріп-ақ, түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін зерттеп қағаз бетіне түсіру – журналистік зерттеу болмағанда немене?

Оған мынадай бірнеше дәлелдемелер келтірсек болады. «Қырғыздар туралы жазбалар» еңбегінде қазақ елінің тілі, діні, мәдениет қалыптасқан рәсімдері туралы статистикалық деректермен қоса нақты құжаттық мәліметтерге жүгініп, көптеген құнды материалдар жинақтаған. Тағы еске сала кетейін, журналистік зерттеудің негізі – фактілер, расми құжаттарға негізделген деректер, статистикалық мәліметтер.

Журналистиканың майталманы Н.В. Четвертковтың пікірінше, зерттеу журналист үшін қиын және қауіпті, баспа түрінде өте кең таралған сараптамалық жанр болып есептеледі. Онда автор өз бастамасы бойынша көбіне «өзекті» оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын ашады (Четвертков Н, 2002). Журналист зерттеу мақалаға дайындық кезінде танымдық процесінде әңгімелесу, сұхбат, құжаттарды зерттеу, эксперимент сияқты ақпарат көздерімен жұмыс жасайды. Тақырыпты ашу, жиналған ақпаратты оқырманға жеткізу, мақаланың жақсы

шығуы үшін журналистке индукция, талдау, синтез, гипотетикалық әдіс, дедукция, арихизм және т.б. әдістер көмектеседі. Сонымен қатар, мұндай мақалаларды жазуда фактілерді жүйелеу және жіктеу қабілеттері өте маңызды.

Қазақ баспаларында журналист зерттеу мәтінін жасау барысында ақпаратты ұсынудың әртүрлі әдістерін қолданады: мәлімдеме, констатация, дәйексөз, персонализация және т.б. Аналитикалық жанр бола отырып, аталған жанр мақалалары, хат-хабарлардың, эксперименттің, аналитикалық репортаждың ерекшеліктерін қамтиды. Журналистік зерттеудің ерекшелігі, көбінесе ақпараттың жасырындығымен, құпиялылығымен, оның көздерін құпия сақталу қажеттілігімен, публицистің танымдық іс-әрекеті жүретін қауіпті жағдайлармен және зерттеуші журналистің абсолютті тәуелсіздігімен анықталады. Ресейлік ғалым А.А. Тертычный журналистік зерттеуді олардың тақырыптарына қарай жіктейді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, сыбайлас жемқорлықты тергеу, экологиялық қылмыстарды тергеу, тарихи құпияларды зерттеу. Айқын құрылым, материалдардың дизайны оларды тартымды етеді, материалды жақсы қабылдауға ықпал етеді (Тертычный А, 1997).

Қазақтілді БАҚ-қа жетіспейін зерттеу материалдарын ұсынудың ең маңызды әрі қажеттісі – «Айсберг теориясы». Ұзақ зерттеуден кейін біз жинақталған материалдардың бір бөлігін ғана пайдаланамыз. Бұл дайын материалды орташа оқырман үшін тартымды, қарапайым және түсінікті етуге көмектеседі. Эрнест Хемингуэй тұжырымдайтын «Айсберг теориясы» зерттеу аяқталғаннан кейін табылған ақпараттың тек 25 пайызы дайын материалға енетінін айтады: бұл айсбергтің үстіңгі жағына ұқсайды, ал оның көп бөлігі су астында жасырылған, яғни қысқа ақпарат болса да, оның астарында үлкен мәселе, сұрақтарыңызға жауап жатуы тиіс. Материалдардың қай бөлігін «су астында қалдырамыз» және оқырмандарымызға көруге мүмкіндік береміз, бұл біздің журналистика өлшемдерімізге байланысты. Осы мәселені шеше отырып, біз қоғамдық пікірталасқа қандай элементтер жаңа ақпарат қосатынын ғана емес, сонымен қатар қоғам үшін қандай перспективалар ең өзекті екенін де ескеретін боламыз (Anderson D., & Benjaminson P, 1976).

Осындай зерттеу жұмыстарының бірі – «Азаттық радиосы» да үнемі журналистік зерттелерімен оқырмандарын қуантып жүрген басылымдардың бірі. «Заң қатайды, қылмыс азаймады. Қазақстанда педофилиямен күрес неге

нәтиже бермейді?» тақырыбында қоғамның ірі мәселесі – әлеуметтік тұрмыстық қылмыс төңірегінде көлемді зерттеу жүргізген болатын. Зерттеу барысында Орал қаласында орын алған өкей әкесінен зорлық көрген 13 жасар Каринаның анасынан сұхбат алынған. Журналист өз зерттеуінде соттың шешімін, Карина мен оның анасының жағдайымен, сондай-ақ осы қылмысқа қатысты заңдағы өзгерістерімен, әртүрлі статистикалармен бөліскен. Журналистік зерттеуді әртүрлі тақырыпшалармен бөліп, кең талдау жасалған. Өйткені, өкінішке орай қоғамда мұндай оқиға тек Каринаның ғана басынан өтпеді. Өгей әкесінің тарапынан зәбір көрген кәмілет жасына жетпеген балалар қаншама?! Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінде осыған ұқсас «Педофилия: азғындық па, ауру ма?» атты көлемді журналистік зерттеу жарияланды. Ол жерде педофил болудың себебі, әр жылдардағы статистикалық деректер, ғалымдардың зерттеулерінен мысалдар, педофильдік психологиялық мінез-құлқына қатысты зерттеулер келтірген. Бұл зерттеуде де ақпарат әртүрлі тақырыпшалармен берілген. Біріншіден, ол оқуға оңай, екіншіден, нақтылықты көрсетеді (Тілеубаева Л, 2017)

Телевизиядағы журналистік зерттеудің керемет үлгісін Қазақстан ұлттық арнасындағы «Журналистік зерттеу» бағдарламасынан көруге болады. 21.12.2019 жылғы шығарылымында «Синтетикалық есірткілер» туралы тілші Азамат Алдонғар бейнесюжет дайындаған екен. Сюжетте тілші «синтетикалық есірткі сатамын» деген жазуы бар картонды көшеде ұстап жүреді. Тілші бірнеше минуттан соң полицей қызметкері келіп, мені ұстап алады, бұл жасаған әрекетімді түсіндіріп отырамын деп ойлаған. Алайда, көшедегі жандар ешқайсысы полицей қызметкерлеріне хабарласпаған. Өкінішті жағдай, әрине. Тағы бір өкініштісі синтетикалық есірткінің алдында медицина дәрменсіз, оның емін әлі күнге дейін таппаған екен. Тілшінің баяндауынша, синтетикалық есірткіні тұтынғанның алғашқы белгілерін 2014 жылы байқалған екен. Алайда, ол кезде ешкім есірткі деп ойламаған. Тұтынған адам ессіз, психикалық ауру деп қабылдап, арнайы емхана жатқызған екен. Оның себебі – синтетикалық есірткі екенін, мамандар енді біліп жатыр екен. Журналистік зерттеу телевизиядағы түріне сай келеді. Қажетті бейне материалдар, синхрон, stand up, шынайылық білдіру үшін арнайы актерлердің көмегімен қойылымдар да келтірілген. Зерттеу жұмысын қарай отырып, аталмыш удың қаншалықты зиян

екенін, сату мен сатып алу жолдарын, тіпті орган қызметкерлерінің бұл мәселені шешуді ертеңге ысырып қойғанын да көруге болады. Журналист жарнама жазылған үйлер, наркология орталығы, Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық университеті мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Еуразия ұлттық университеттерінің алаңдарынан сюжет дайындаған (Алдоңғар А, 2019).

«Хабар» агенттігінің «Хабар Тапум» атты арнайы Youtube каналында «Журналистік зерттеудің» циклдік шығарылымдарын түсіріп отырады. Жоғары деңгейде дайындықпен, арнайы түсіріліп тобымен шығарылған, тақырыптары да ауқымды, өзекті, керек болып саналады. Осындай шығарылымдардың бірі – «Жылата ма? Жұбата ма?». Бала күтушілер ата-анасы жоқ кезде балаларды қалай жұбатады, «балаңыздың қауіпсіздікте екеніне сенімді бола аласыз ба?» деген сауалдар кеңінен қозғалады. Хабардың 08.11.2018 жылғы шығарылымына толықтау сараптама жасап көрейік (Хабар-Youtube, 2018):

Біріншіден, тақырыптың өзектілігі. Ата-аналар еріксіз өз балаларын тәрбиешілердің қарауына тастап, балабақшаларға қаражатын беріп тапсырған аманаттарына қиянат жасаған оқиғалар қатары артып барады. Былығы түбінде жатқан беті жылтыраған балабақшалардағы жайтты бірі білсе, бірі білмес. Бұл – міндетті түрде, құпиясы ашылып, қылмысы жазалануы тиіс мәселелердің бірі.

Екіншіден, мәселені жай ғана көтеріп, шешімді заң органдарына қалдырмай, қылмыстың әшкереленуіне, сәйкесінше жазаларын өтеуіне арқау болу, соңына дейін ақиқатын анықтау да журналистің айтылмас, жазылмас қағидаларының бірі. Аталмыш журналистік зерттеуде мұны көруге болады. мысалы, журналистер, балаларға жәбір көрсеткен балабақша бастығына қоңырау шалып, бастықсымақтың шынайы бет-бейнесін ашып көрсетті. Телефоннан қойған сауалға «оған мен емес, шағым білдіруші – ата-анадан сұраңыз» деп жауап қатты. Қылмысты жасайтын олар да, жауап беруші ата-ана болғаны ма?

Үшіншіден, әр іске жауапкершілікпен қарау. Талайдың тағдырын мойнына алған журналистер, мәселені шешудің, оқиғаның орын алу себебін бар күшін салып анықтау қажет. Осынша зұлымдыққа баратын тәрбиешілерді қандай критерийлер бойынша қабылдайды? Осы сұрақ мазалады ма? Журналистер де ата-ананың атынан мамандардан сұрап көрді. Бұл да іске жауапкершілікпен бараудың бір тәсілі. Жасыр түсірген бейне роликке сенсек, өз баласы бар және жасы үлкен болу керек екен. Бұл екі талап

балаларға күш көрсетпейтініне кепілдік бере алады ма?

Қазақстанның түкпір-түкпірінен орын алған оқиғаға жаның түршіккенімен, салқындық танытып, оқиға болған орыннан мән-жайды анықтау қажет. Осылай, Елордада, Есілдің сол жағалауындағы балабақшаға барған, ғимарат көздің жауын алады, жағдайдың бәрі жасалған, журналистің «осындай керемет ғимаратта мұндай оқиға қалай орын алды?» деген бала-бақша қызметкерлерінің жауабы «адамның аласы ішінде» деп жауап берген. Ақталу ма?

Тыныш жатқан балалардың барлығын ұрып-соққан тәрбиеші «Еңбек кодексінің» 52-бабын бұзды деген айыппен қылмысын тоқтатқан. Бұл жаза іс-әрекетіне сай ма? Ақшасы бар, дипломы бар азамат үшін қайта жұмысқа тұру қиындық туғызбайды десек, бұл қылмыстың қайталанбайтынына кім кепіл?

Төртіншіден, журналистикадағы ақпарат алудың керемет әдісі – мамандық ауыстырып, оқиға орнына сол саланың маманы ретінде бару. Осы журналистік зерттеуді жүргізу барысында, мемлекеттік балабақшаларға қызметке тұру қаншалықты қиын немесе оңай? Осыны білу үшін журналистер мемлекеттік балабақшалардың біріне қызметке тұруға өтініш білдірді. Журналистік жасырын видео қосып, «мен техникалық мамандықты бітірдім, тәжірибем жоқ деген жауабына», басшы «ештеңе етпейді, өзіміз үйретіп аламыз» деген жауабын қайтерсіз. Ұлт болашағын осындайлардың қолына тапсырсақ, ертеңіміз не болмақ?

Бесіншіден, техникалық деңгей. Бейне түсірілім, монтаждың кәсіби деңгейде түсірілгені, материалдың шындыққа жанасатындығына еріксіз сендіреді. Өйткені сюжет түсіргенде кадрдың тазалығы, кадр сыртындағы мәтін мен монтажды сәйкестендіріп қою басты талап болып саналады. Жасын камералардың орнатылуы, бүлдіршіндердің бетін бұлдырлатып, цензурау, актерлердің көмегімен қойылымдар ұйымдастыру – журналистік зерттеу жұмысының 100 пайыз сәтті шығуына мұрындық болды.

Алтыншыдан, мәтін ерекшелігі. Көрерменнің құлағына жағымды ауыз-екі сөйлеу стилі мен жеңіл-жеңіл жазылған мәтін, кәсіби терминдердің өте сирек қолданылуы – кәсіби деңгейде.

Қазақтілді БАҚ-та журналистік зерттеудің озық үлгілерін кездестіру, әрине қиын. Алайда, еркіндік дәмін татып, халықтың сауаты артқан сайын, бұқаралық ақпарат құралдарында да демократия дамып келеді. Мысалы, «Айқын» газетінің

№81 шығарылымында Гүлзина Бектас есімді журналистің «Балалар үйіндегі былық» атты журналистің зерттеуі жарыққа шыққан болатын. Қазіргі қоғамда балалар үйінде, балабақшаларда орын алатын қылмыс саны көбеймесе азаяр емес. Осындай заңсыз әрекеттердің бірі – Аягөз қаласындағы психоневрологиялық патологиясы бар балаларға әлеуметтік жағдай жасау интернатындағы 4 баланың өлімі. Журналист өз зерттеуінде бұл қылмысқа артында кім отыр және оған қандай жаза тағайындалуы керек, басқа облыстағы ахуалдар қандай? Міне осындай сұрақтардың төңірегінде ақпарат жинап ұсынған (Бектас Г, 2020).

Журналистік зерттеу жұмысын дайындау үшін шетелдік ғалымдардың айтуынша, журналистік зерттеу материалдарының тақырыптары төмендегі үш негізгі факторды өз бойында сақтайтындығымен ерекшеленеді. Олар:

Оқырман, көрермен немесе тыңдармандардың қажеттіліктеріне сай болу қажет;

Қоғамдық маңызға ие, тұтынушының психологиялық қабілетіне ықпал ететіндей қасиетінің болуы шарт;

Журналистік ұсынып отырған материалы жеке тұлғаның немесе мекеменің халыққа маңызды ақпаратын жасырған құпия деректі әшкерелеген болғаны абзал.

Жоғарыда аталған факторлардың қайбірі болмаса, ол ақпарат журналистік зерттеуге өзек бола алмайды. Жоғарыда аталған факторлар ескерілгенде ғана журналист өз мақсатына жетті, миссиясын орындады дейді батыстық мамандар. Өйткені бұл факторлар журналистік зерттеудің толық ашылуына ықпал етеді. Ендеше, Гүлзина Бектастың зерттеуін осы үш фактор негізінде сараптап көрейік:

Біріншіден, оқырманға қажетті. Қай адамға болмасын баласының тағдырын, қызығушылығынан, өмірінен хабардар болу қажеттілікті туғызады.

Екіншіден, қоғамдық маңызға ие. Бала – елдің болашағы, әр отбасының бақыты. Сондықтан бұндай тақырып – өзекті.

Үшіншіден, құпия деректі әшкерелеген. Төрт қабырғада болған оқиға әрқашан құпия. Әсіресе, былық-шылығын жасырғысы келген ұйым қызметкерлері жасырын жасаған қылмысы міндетті түрде әшкереленуі тиіс.

Аталмыш журналистік зерттеудің нәтижесіне журналист өзі жетті деп айта алмаймыз. Бұл тұста, қылмыс ашылғанға кейін жүргізілген журналистік зерттеу деп айтар едім.

Осындай зерттеу жұмысты қамтыған нәтижелі зерттеулердің бірі – «Қазақ үні» газетінің

№44 шығарылымында жарық көрген Нұрлан Шоқаевтың «Пара берген кім?.. немесе «пара алды» деген айыптау шындыққа жанаса ма?» деген материалы. Пара алу, жемқорлық – дамушы мемлекеттің экономикасына ауыр соққы болатын қылмыстардың бірі. Онымен Қазақстан ғана емес, әлем болып күрес жүргізіп келеді. Өйткені пара – миллиондаған, миллиардтаған қаражаттың желге ұшқанын көрсетеді. Автор зерттеу материалында 2018 жылы Астана қалалық (қазіргі Нұр-Сұлтан) Әділет департаменті басшысының орынбасары Рауан Рамазанов пен мемлекеттік органның басқарма бастығы Еркін Дәулетбаев 22 миллион пара алып жатқан жерінен ұсталды деген ақпарат тараған соң, бұл ақпараттың қаншалықты шынай екенін, параны кім бергенін және кімнің ақшасы екенін анықтау үшін журналистік зерттеу жүргізген болатын.

Журналистің күмәнін туындаған бұл зерттеу барысында айыптаушы «Астана қалалық жарық» мекемесінің басшылары Рамазановпен де, Дәулетбаевпен де ешқандай байланысы болмаған, тіпті өмірде көрмегені де, кездеспегені де анықталды.

Әрине бір қылмысты ақтап, екіншісіне қылмыс арту оңай жұмыс емес. Оған үлкен дайындықпен, жауапкершілікпен, жан-жақты ізденіспен бару қажет. Журналист оны өте жақсы білді. Әрбір ақпарат берген сайын, оған факт мен дәлелдемелер келтіріп отырды. Зерттеу нәтижесінде «Астана қалалық жарық» мекемесі басшыларының көптен ойластырып жүрген арандату үшін жасалған іс-әрекет екенін, сондай-ақ ақшаның тек 100 000-ы шынайы, ал қалған 21 900 000-ы жалған ақша болып шыққанын анықтаған. Автор зерттеу соңында Бас Прокурордан, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және Жоғары сот төрағаларынан келтірілген деректерді ескеріп, тергеу амалдарын қайта жүргізуді талап еткен екен (Шоқаев Н, 2018).

Кейде зерттеуді қызықты және бұқаралық аудиторияға қолжетімді ету үшін баспа басылымдары пропорция, орындылық сезімін жоғалтады. Мақала материалдарының жетіспеушілігі, күмәнді сенсацияға ұмтылу, тексерілмеген ақпаратқа сүйенуге әкеліп соғады, бұл журналистің кәсібилігін жояды. Егер, авторлар материалды бірнеше тексеруден өткізіп, сенімді фактілерге сүйенсе ғана сәтті мақала болады. Ең нашар жағдайда, олар өздерінің және басылым беделіне нұқсан келтіреді және аудиторияның бір бөлігін жоғалтады. Кейбір жарияланымдарда газет тілінің стандарттар үйлесімінен бас тарту

байқалады; олар сөйлеу стилінің элементтерін, вернакуляцияны, соның ішінде вулгаризмді, жаргонизмді белсенді қолданады. Кейде зерттеу мақалаларды оқи отырып, шамадан тыс бос сөздің артында аналитикалық жетіспеушілік байқалатынын түсінеміз. Фактілердің көптігіне қарамастан, материал талғампаз оқырманға арналған жеңіл болып көрінуі мүмкін. Журналистік зерттеу – бұл көбіне қоғамдық проблемалар, сыбайлас жемқорлық, заң бұзушылықтар, қызмет бабын теріс пайдалану немесе бұрын қандай да бір себептермен қоғамнан жасырын болған ақпарат туралы жазылатын журналистиканың жанры болғандықтан, бар ақпаратты дұрыс қолдана білген абзал.

Ғылыми әдістеме

Зерттеуші-журналисті кез келген қолжетімді бұқаралық ақпарат құралдарында шындықты жариялау және оның кемшіліктерін анықтау кәсібі болып табылатын адам ретінде қабылдауға болады деген пікір кең таралған. Зерттеуші журналистердің негізінен ағылшын тілінде сөйлейтін көріністері, кітаптағы және кинематографиялық бейнесі, тұтастай алғанда олар жалғыз ізгілікпен күресушілер ретінде ұсынылған. Джон Гришамның «Пеликанның қысқаша мазмұны» және «Инсайдер» романдары мен фильмдері, сонымен қатар «Баспа машинкасының партизандары» (Behrens, 1977) және «Тозақты көтеру» (Chepesiuk, Howell, & Lee, 1997) фильмдер осыған мысал бола алады. Алайда, басқа мәдениеттерде зерттеуші журналистер міндетті түрде дәл осындай кейіпте қабылдануы мүмкін емес (de Burgh, 2005).

Журналистік зерттеу – өзінің басқа салаларынан ерекшеленетін құбылыс. Бірақ, әрине олар бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені ағылшын тілді қоғамның бұрыннан бері келе жатқан, басқалармен салыстырғандағы ерекшелігі – билікке тәуелді еместігі. Бұл дәстүр кем дегенде XVII ғасырдан бері байқалып жүр. Ұлыбританияның бұрынғы Примьер-министрінің Баспасөз хатшысы болаған Бернард Инхем бірқатар «журналистік ауруларға» «диагноз» қойған екен. Оның алғашқысы журналистік зерттеуге қатысты болды. Америка қоғамындағы бір сенім – үкімет сөз әрдайым жағымсыз нәрселерді ойлап жүреді, сондай-ақ қоғамның сенімділігін ақтамайды. Бұл «ле Карре синдромы» деп аталады. Осы сенім сапалы журналистердің пікірін бұзады, көзқарасын бүлдіреді. Оған 1976 жылы орын алған «Уотергейт» оқиғасы куә (Ingham, 1991:363).

Зерттеу жұмысын оқырманға ұсынудың да өзіндік реттілігі, ерекшелігі болады. Ол жөнінде

шетелдік ғалымдар да теориялық тұрғыдан айттып кеткен. Зерттеу мәселесі міндетті түрде оқырмандарға қызық, олар ынталы түрле оқитын және ол проблемалардың міндетті түрде шешелуі керек екенін түсініп оқуы тиіс. Осыған байланысты, репортер-зерттеуші таңдалған тақырыптың немесе мәселенің маңыздылығын, ағымдағы оқиғаның өзектілігін қымқаша түсіндіріп өтуі тиіс. Мәселені шешудің мынадай төрт қадамы бар:

– қадам. Мәселені нақты бір сөйлеммен беріңіз. Мысалы, «бұл мәселе NIPSS, Қурудағы білімнің бұрынғы студенттердің мемлекеттік мекеме басшылары ретінде үлгеріміне әсерін зерттеуге арналған». Немесе «Бұл зерттеу Нигерияның мемлекеттік секторындағы сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтауға арналған»;

– қадам. Неліктен бұл проблема болып отырғанын көрсету;

– қадам. Мәселені берілген теориямен немесе белгілі бір фактілермен байланыстырыңыз;

– қадам. Мәселенің жалпы немесе одан да үлкен проблемамен байланысын көрсетіңіз (Asika, 1991:100)

«Журналистік зерттеу» термині ойын-сауық индустриясындағы жаңалықтардың үстемдігінің артуына, жұмыспен қамту кепілдіктерінің болмауына және салалық ұйымдардағы өзгерістерге байланысты журналистердің жалпы халықтан алыстауына байланысты олардың мақсаты не екенін ұмытып кеткен кезде ғана пайда болды (de Burgh, 2008:13). Шынымен де, журналистік зерттеудің салмағы да, көтерер жүгі де ауыр, маңызы жоғары салалардың бірі. Бүргің пікірімен келіспеске шара жоқ, өйткені қоғамда мәселе орын алса, проблема көтерілсе журналистік зерттеудің көмегі ауадай қажет болары анық.

Журналистік зерттеулер әлеуметтік мәселелерді шешудің «бір тәсілі» деген тұжырым адамның проблемаларын шешудің балама тәсілдері бар екенін мойындауды білдіреді. Зерттеу процесінде аталған әдістерді қолдануға болады. Демек, зерттеу – проблемаларды шешу үшін деректерді жинау, талдау және түсіндірудің жоспарланған және рәсімделген процедурасын қамтитын ғылыми және жүйелі ойлау стратегиясы ретінде анықталды (Aborisade, 1997: 2). Фанк пен Вагналлс (1946) журналистік зерттеуді кез келген құбылыстарды мұқият, ұзақ мерзімді зерттеу деп көрсетеді (Brunard and Hanekom, 2006:3).

Журналистік зерттеу дайындау кезінде ақпарат алудың керемет әдісі – құпия жұмыс жасау. Яғни сіз бір ұйымның сыбайлас жемқорлығы

туралы ақпарат алғыңыз келсе, сол ұйымға қызметке тұру. Ұйымның құзырына кіру арқылы құпия деректер мен маңызды материалдарды алуға мол мүмкіндік туады. Әрине жұмысыңыз жақсы аяқталып, оң нәтиже күтемің десеңіз, уақытқа тәуелді екеніңізді ұмытпаңыз. Мысалы, Guardian Weekend-те жұмыс жасаған Зайба Малик бір ай бойы қонақ үй тазалаушысы болып жасырын қызмет атқарған екен. Ол өзінің зерттеу жұмысында қымбат қонақ үй бола тұра, ондағы жалақы, қызметкерлерге қатынастың төмен екенін, сондай-ақ ауыр жұмыс жағдайларын сипаттап жазады (Malik, 2006). Егер Малик өз зерттеу жұмысының нәтижелілігін маңызды санамаса, осындай қызметке орналаспас еді. Демек, ақпараттық алудың мұндай әдісі деп өз шыңына жеткізе алатындығын дәлелдеп тұр. Осындай құпия қызметке тұрып, журналистік зерттеу жүргізген оқиғаларды, әсіресе, ағылшындық, америкалық қоғамнан жиі кездестіруге болады.

Әдебиеттерге шолу

«Журналистік зерттеу» тақырыбы көп ғалымдардың қызығушылығын тудырған, әрі бұл тақырыпқа қатысты пікірлердің саналауындылығын да айта кеткен жөн болар. Әсіресе, шетелдік зерттеушілердің теориялық көзқарастары, практикалық қызметі туралы пікірлері басым болғанымен, отандық салада аталмыш тақырып әлі де болса өз нақты орынын бекіте аламай келеді.

Орыс журналистикасы жанрларын зерттеген Ворошиловты, Тертычныйды, Константиновты, Шумды айтпай өтуге болмас. Константиновтың «Журналистское расследование: История метода и современная практика» еңбегінде тек Ресейдің ғана емес, Америка Құрама Штаттарының, Еуропа елдерінің, Кеңес Одағы мемлекеттерінің журналистік зерттеулері туралы тың мағұлұматтар берген. Сондай-ақ, бұл еңбекте журналистік зерттеудің әдістемесіне қатысты негізгі сұрақтар қарастырылады. Журналистік зерттеу туралы еңбек жазған орыс ғалымдарының бірі – Шум болды. Ол өзінің «Журналистское расследование» кітабында автор журналистік зерттеу жанрының маңызды сұрақтарына жауап беруге тырысты. Яғни, суррогатты нақты зерттеуден қалай ажыратуға болады? Журналистік зерттеу жүргізу үшін не білу керек? Журналистік зерттеуде болады және болмайдының, заңды мен заңсыздықтың шекара қалай болады? Деген сынды маңызды сауалдардың жауабын береді. Журналистік зерттеудің нақты үлгісін, зерттеу әдісінің ерекшелігін көрсетіп жүрген, тәжірибелік тұрғыдан сипаттай білген белгілі

ағылшын ғалымы Хьюго де Бург. Ғалымының «Журналистік зерттеу (Investigative Journalism)» зерттеу еңбегінде сарапшы мамандар краудсорсинг, үлкен деректер, ақпараттық жаһандануы, бұқаралық ақпарат құралдарының меншігі мен қаржыландырылуындағы өзгерістер журналистік зерттеуді қалай өзгерткенін көрсетеді. Сондай-ақ, Еуро Одақтағы сыбайлас жемқорлықты әшкерелеу, Малазия, Польша, Қытай, Түркия сияқты әлемнің түкпір-түкіпірінендегі журналистік зерттеудің кейс-стадилерін берген.

Қазақтілді журналистік зерттеу туралы пікірлер айтып, еңбектер жазған ғалымдар саны саусақпен санарлық. Алайда, саны аз болса да, сапалы еңбектер де жоқ емес солардың бірі – жазушы Қуандық Шамахайұлы. Оның «Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары» атты еңбегінде журналистік зерттеудің сөз бостанындағы орны, даму мүмкіндітері, саяси аспектілері қозғалады. Журналистік зерттеудің шетелдік БАҚ-тағы орны, тарихы, отындық бұқаралық ақпарат құралдарындағы көрінісі, ерекшеліктері жан-жақты талданған. Журналистика факультетінің студенттеріне «Журналистикаға кіріспе», «Журналистика жанрларына» қосыма ретінде отыуға болатын еңбектердің бірі.

Тағы бір танымал, журналистика саласына еңбек сіңірген, осы сала бойынша бірнеше еңбектер жазған ғалым – Кәкен Қамзин. Оның «Журналистика негіздері», «Талдамалы жанрлар» кітабында журналистік зерттеудің тарихы, ерекшеліктері, атауының шығу тегі туралы көптеген зерттеулер жүргізген. Әсіресе, қазақтілі публицистикадағы журналистік зерттеудің тарихы сонау, ауыз әдебиетімен қатар дамығын деген тұжырымдаларды келтіреді.

Нәтижелер мен талдау

Журналистік зерттеу кезінде тағылған айыптар мен кінәлар нақты фактілер мен деректемелерге сүйеніп жасалуы тиіс. Осылайша егер олар эмперикалық фактілерге негізделмесе зерттеу субъективті бола алмайды. Демек «журналистік зерттеудің» мақсаты – мәселенің дұрыстығы мен дұрыс еместігіне күмән келтіретін фактілерді анықтау (Spark, 1999:41). Сол себептен зерттеуші журналиске: «фактілерді тексеріңіз, ешқашан тек өз сеніміңіз бен интуицияңыздың шеңберінде шешім қабылдамаңыз, белгілі бір көзқарасты ғана ұстанатын адамнан ешқашан ақпарат қабылдамаңыз» (Spark, 1999:2)

Журналистік зерттеу жұмысының нәтижесі көп жағдайда ойдағыдай шықпауы мүмкін, алайда, ол жұмысқа жауапкершілікпен қарап,

шындыққа жетемін, ақиқатты көрсетемін деп білек сыбана кіріссе, кез келген іс жемісін беретіні анық. Оған мысал ретінде, «Хабар» телеарнасында 1995 жылы Г. Керімованың журналистік зерттеуін жүргізіп, нәтижесінде Ұлы Отан соғысы кезінде жау тылына кіріп, бірнеше фашистік ұшақты жалғыз жүріп жексен еткен Бақтыораз Бейсекбаевтың украин азаматы Масловқа таңылып кеткен атағы, бұйырып кеткен ерлігі қайтарылып берілген болатын. Осы зерттеу жұмысына қарай отырып, Қазақстанда журналистік зерттеу соңғы 10 жылдықта ғана дамыды деген жалған пікірге нақты дәлел бола алатын сияқты. Осындай жоғары нәтиже берген зерттеу жұмыстарының бірі – Алматы қалалық «Оңтүстік астана» телеарнасының белгілі журналисі Нұрдана Тілеубаева 2004 жылы журналистік зерттеу жүргізіп, Қазақстан Республикасы Онкология институтының «Селектор» аппаратын жөндеуге мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттың оңды-солды жойылып жоқ болып кеткенін дәлелдеп шыққан болатын. Селектор аппараты әйел адамның аналық бездегі ісікті қысқа толқынды сәулелердің көмегімен күйдіріп залалсыздандыратын мемлекетіміздегі жалғыз аппарат еді. Бұл аппарат істен шыққалы екі жыл ішінде кеуде безі ісігінен (рак груди) дүниеден өткен әйелдер саны 1,5 есеге дейін артқан. Осыны нақты, заңды жолмен алған дәйектерімен, әртүрлі ресми құжаттардың көмегімен дәлелдеп шыққан. Осындай журналистік зерттеудің нәтижесінде бұл оқиғаға жауапты фирмалар мен адамдар заң алдында жауапқа тартылып, бөлінген қазына қаржысы өзінің мақсатты жеріне жіберілді.

«Егемен Қазақстан» басылымының 2018 жылғы басылымының бесінші санында «Планшет зауыты мөшек тігетін болды» деген тақырыпта зерттеу мақаласы жарияланған болатын. Мақалада Нұр-Сұлтан қаласындағы Астана LRT объектісінің салыну барысы, тоқтап қалу себебі туралы жазылды. Зерттеу жүргізген автор анонимді болып қалуды жөн көрген. Материалда объектінің салыну барысында қызмет еткен көптеген компаниялар мен шенеуніктердің аттары аталып, бірақ, сұхбат алынбаған. Зерттеуді оқи отырып, оның екі жақты болу маңыздылығы байқалады. Яғни, зерттеуді жүргізуші, зерттеу объектісіне қатысты барлық киіпкерлерден сұхбат алуға тырысуы қажет.

Қазақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы журналистік зерттеулерді оқып, қарастыра отырып оның жазылу барысындағы негізгі ерекшеліктерді қарастырсақ:

Журналист белгілі бір жоспарды ұстанған кезде ғана сәтті журналистік зерттеу жүргізе алады. Яғни, журналистік зерттеуді бастамас бұрын, оны жүргізудің нақты жоспары болуы керек;

Журналистік зерттеу жүргізу үшін тақырыпты таңдау өте маңызды қадам болып табылады. Журналист заңның қайда бұзылғанын және билікті теріс пайдалану қай жерде болғанын білуі керек;

Зерттеу тақырыбының қоғамдық маңызы болуы керек екенін ұмытпаған жөн. Егер, сіз оқырманы жоқ тақырыпты зерттегіңіз келсе, осы тақырыпқа уақыт жұмсамаңыз;

Журналист кез келген салада журналистік зерттеулер жүргізе алады, бірақ ол тергеудің мәні қылмысты, парақорлықты және заң бұзшылықты анықтау екенін есте ұстауы керек;

Журналист саясат саласында тергеу жүргізгісі келсе, ол сайлау науқандары, партиялық қызмет, мемлекеттік қызметке тағайындаулар, заңнама және саясаткерлердің табысы туралы декларациялар бойынша тергеу жүргізе алады;

Жеке қаржы бойынша ашық деректер: банктер, кредиттер, корпоративтік қаржылық сақтандыру, инвестициялық нарыққа қатысушылар журналистік зерттеулер үшін жақсы тақырыптар болуы мүмкін.

Журналистік зерттеулерді жаңадан бастағандар үшін көбінесе қоғамдық мәселелерге қатысты тақырыптарды зерттеуден бастау ұсынылады. Білім беру, денсаулық сақтау, коммуналдық қызметтер, аз қамтылғандарға арналған жәрдемақылар, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар және т.б. салаларда журналистік зерттеулер жүргізген абзал.

«Қазақ киносының қайғысы» атты Ерсайын Төлеубайдың «Егемен Қазақстан» газетінің 2017 жылғы алтыншы санында жарияланған зерттеу мақаласын қарастыратын болсақ, журналист емес авторлардың басылымға жариялайтын зерттеу мақалаларының қандай ерекшелігі болатынын байқау мүмкіндігі бар. Мақалада қазақ кино өнеріндегі қазіргі фильмдер талданады. Аталған өнер саласында жүрген режиссерлар мен өкілдердің кейбір қателіктері әшкереленіп, бөлінген мемлекеттің қаражат туралы ақпараттарды да кездестіруге болады. Бірақ, автор көптеген деректерді негіздемеген. Журналистің зерттеу материалдарын жазу барысындағы нақты мақсаты сол дереккөздерді айту арқылы, шындыққа халықтың көзін жеткізу (Ерсайын Т, 2017).

Осы жұмысты жазу барысында журналистік зерттеудің тағы бір талабы – гипотезаның бо-

луы және оны растау екенін түсіндік. Гипотеза – бұл журналист зерттеуінде дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын болжам, түсінік немесе мәлімдеме. Гипотеза тақырыпты және тергеу процесін нақтылайды. Гипотеза келесі сұрақтарға жауап беруі керек: «кім, не, қалай, нәтижесінде заң неге бұзылады және салдары қандай?». Тақырыпты ашу үшін негізгі сұрақтарды тұжырымдау маңызды. Сұрақтарға жауаптар гипотезамызды дәлелдеуге немесе жоққа шығаруға көмектеседі. Тақырып бойынша пікірлер мен түсініктемелер жинау үшін қажет бағалау сұрақтарын тұжырымдау керек. Журналистік зерттеудің келесі бөлігі – ақпарат көздері. Қойылған сұрақтарға жауап табуға көмектесетіндер кім және оларды қайдан табуға болады? Маңызды ақпараты бар адамдардан басқа, құжаттар, ұйымдар, әлеуметтік желілер, мұрағаттар, дерекқорлар, бұқаралық ақпарат құралдары ақпарат көзі бола алады. Ақпаратты жинап, зерттеуді жүргізіп болған соң, бас сұхбатқа барамыз. Бас сұхбаттың мақсаты – зерттеудің бас кейіпкерінің түсіндірмелері мен түсініктемелерін алу. Барлық қажетті ақпаратты тауып, жалпы сұхбат жүргізгеннен кейін, мәтінді орналастыруға, өңдеуге көшуге болады. Журналистік зерттеу аяқталғаннан кейін, дайын материал жарияланбас бұрын заңды сараптамадан өтуі керек. Құқықтық сараптама журналист жұмыс істейтін неме-

се зерттеу жүргізетін журналистің де, БАҚ редакциясының да қауіпсіздігінің кепілі болып табылады. Журналистік зерттеулер жүргізудегі ұсыныстардың бірі мұрағатты сақтау. Көптеген авторлар алдағы уақытта сол зерттеулерін жалғастыратын болғандықтан, жиналған материалдар болашақта тақырыпқа тезірек оралуға көмектеседі. Сонымен қатар, егер тергеу кейіпкері сотқа жүгінсе, материалдар дәлел бола алады. Журналист зерттеу жүргізу кезінде жоғарыдай мәселелерге тап болуы мүмкін. Яғни, журналистке қарсы қылмыстық немесе әкімшілік іс қозғалуы мүмкін заңды тәуекел әрқашан бар. Журналистің беделіне, жұмысына және денсаулығына немесе оның жеке өміріне зиян келтіру қаупі әрқашан авторды мазалайды. Кез келген зерттеуші журналист үшін ықтимал тәуекелдерді азайту үшін журналистік зерттеу жүргізу кезінде жоғарыда аталған схеманы ұстануды ұмытпау керек. Журналистік зерттеу журналистиканың ең күрделі жанры деп айтуға толық дәлелдер бар. Бір жағынан, журналист әлеуметтік функцияны орындайды, қоғамның проблемаларды ашады (Шум Ю, 2003).

Зерттеу жұмысының барысында Қазақстандық БАҚ-та бірқатар жоғары марапаттарға ие болған мақалаларға көз жүгіртсек, саяси немесе экономикалық нәтижеге қол жеткізу мақсатында жарияланып жүрген бірнеше өзекті тақырыптар бар:



«Әкімдері қашаған» зерттеуінде автор Гүлайым Шынтемірқызы, барлық журналистік зерттеулер жазу талаптарын қолданғанға ұқсайды (Шынтемірқызы Г, 2018). Материалда Ақтау қаласының жанындағы Сайын ауылының жағдайы туралы айтылған. Барлық ақпараттар дереккөздерімен берілген. Ауыл әкімінен сұхбат алынған, мақаланың басылып шаққаннан кейін ол аудан әкіміне жолданған. Журналистік зерттеудің басты мақсаты халықтың көкейіндегі сұрақ немесе мәселені зерттеп, белгілі құзырлы органдардың қаперіне салу. Аталған мақала авторының сәтті зерттеуінің арқасында, ол өз оқырмандарын тауып, мәселе шешілу үстінде.

Бұндай зерттеу жұмыстары баспаның ғана емес, бүкіл журналистиканың деңгейін айтарлықтай көтеретініне кепіл беруге болады.

Қорытынды

Журналистік зерттеудің ықпалды түрі енді дами бастаған сияқты. Журналистік зерттеуді әлемдегі ең қауыпты салалардың қатарына да қосуға болатын сияқты. Өйткені, қылмысты әшкерелеу, ақиқатты су бетіне шығару – оңай жұмыс емес. Осы жолда қанша журналистер қыршыннан қиылды. Әрине, журналистердің құқығын осындай кезде қорғайтын кодекстер, құжаттар, нормалар мен заңдар баршылық.

Алайда, ол қауыптың бетін алуы екіталай. Біз бұл мақаланы жазу барысында көптеген зерттеушілердің еңбектеріне, ғалымдарың пікірлеріне жүгіндік. Сол кезде көңілге түйген тұжырымдарымыз:

- журналистік зерттеу – үлкен әдіс;
- журналистік зерттеу – саяси-әлеуметтік тұрғыдан салмағы бар маңызды сала;
- журналистік зерттеу – батылдықты, білімділікті, сыни ойдауды, объективтілікті, интелектуалды, шапшаңдықты талап ететін сала.

Мәселені шешу жолдары:

- Нақты ақпарат көздеріне негізделген материалдарды жинақтау;
- Журналистік зерттеудің қазақтілді БАҚ-тарға арналған әдістемелік нұсқаулығын дайындау;
- Зерттеу жүргізу кезінде журналистердің амандығына кепілдік бере алатын нормалар мен құжаттардың бекітілуі.

Қорыта айтқанда, журналистік зерттеу қазіргі таңдағы қазақ бұқаралық ақпарат құралдарында ойып тұрып орын алар жанр болып

есептеледі. Журналистік зерттеудің арқасында көптеген басқа саланың тісі бата бермейтін, құпияға толы қылмыстардың беті ашылып, қоғамға айтарлықтай үлес қосылып жүр. Журналистиканың нақты миссиясын орындайтын, әрі оны «төртінші билік» атауына лайық ететін сала. Алайда, жанрды зерттеу біздің елімізде шетелге қарағанда бәсеңдеу болып тұр. Осы әлсіздіктің орнын толтырып, кішкене де болса, үлес қосуды жөн көрдік. Әсіресе, қазақтілді басылымдардағы аталмыш саланың орны әлі байқаламаса да, кем-кетігін түзеу қажет. Басылымдардағы зерттеулерді оқи отырып, жылдан жылға жанрдың өзектілігі артып келе жатқанын бақылауға болады. Әрбір газеттің өзіндік стилистикасы бұл жанрды да айналып өтпеген, әдеби немесе тарихи басылымдардан тарихи, әдебиет немесе өнер тақырыптарындағы зерттеулерді, әлеуметтік газеттерде қоғамдық, әлеуметтік, саяси тақырыптарды кездестіруге болады. Осы зерттеу жұмысы арқылы, ең қажетті де күрделі жанрдың дамуына талдау жасадық.

Әдебиеттер

- Алдажұманов Қ. Атты әскер дивизиясының тағдыры // Егемен Қазақстан. – 2018. – 24 қыркүйек (№ 180). – 9 б.
- Anderson, D., & Benjaminson, P. (1976). *Investigative reporting*. Bloomington: Indiana University Press
- Brant Houston., *The Investigative Reporter's Handbook: A Guide to Documents, Databases, and Techniques* (Paperback). – Bedford/St. Martin's, 2008. – 458 p.
- Brynard, P.A. & Hanekom, S.X. (2006). *Introduction to Research in Management-related Fields*. Pretoria: Van Schaik.
- Гүлзина Бектас. Балалар үйіндегі былық. // Айқын, 06.06.2020, №81.
- de Burgh, H. (2005). *Making journalists: Diverse models, global issues*. London: Routledge.
- de Burgh, H. (2008). *Investigative journalism* (2nd ed.). London
- Ingham, B. (1991). *Kill the messenger*. London: HarperCollins.
- Malik, Z. (2006, December 9). *A dirty business*. *Guardian Week*, 51.
- Нұрлан Шоқаев. Пара берген кім?.. немесе «пара алды» деген айыптау шындыққа жанаса ма? // Қазақ үні, 12.11.2018, №44.
- Ерсайын Т. Қазақ киносының қайғысы // Егемен Қазақстан. – 2017. – №6
- Robert B. Downs. *Books that Changed America*. – New York : The Macmillan Company, 1970. – 280 p.
- Spark, D. (1999). *Investigative Reporting: A Study in Technique*. Oxford: Focal Press.
- Ullmann John. *Investigative reporting: advanced methods and techniques*. – New York : St. Martin's Press, 1995. – 224 p.
- Тертычный А. Старый журналист. 1997. — «Мир», 320 б.
- Тілеубайқызы Л. Педофилия: азғындық па? Ауру ма? // Дидар, 20.09.17.
- Четвертков Н. В. Современная пресс-служба. – М.: «Галерея», 2002. – 164 б.
- Шынтемірқызы Г. Әкімдері қашаған // Егемен Қазақстан. – 2018. – 24 қыркүйек (№ 15). – 6 б.
- Шум Ю. А. Журналистское расследование: от теории к практике. – М., 2002. – 64 б.
- <https://qazaqstan.tv/videos/120521>
- <https://www.youtube.com/watch?v=G-zY-RCQe90&list=PL2fW2KcN2CwPdoFpy7FqV6X2gUrdfmOhL&index=49>

References

- Aldazhumanov K. Atty asker divisiasynyn tagdyry // Egeмен Kazakhstan. – 2018. – 24 september (№180). – 9 p [The fate of the cavalry division]. *Foresight-Kazakhstan*, p 9
- Anderson, D., & Benjaminson, P. (1976). *Investigative reporting*. Bloomington: Indiana University Press
- Brant Houston., *The Investigative Reporter's Handbook: A Guide to Documents, Databases, and Techniques* (Paperback). – Bedford/St. Martin's, 2008. – 458 p.
- Brynard, P.A. & Hanekom, S.X. (2006). *Introduction to Research in Management-related Fields*. Pretoria: Van Schaik.
- de Burgh, H. (2005). *Making journalists: Diverse models, global issues*. London: Routledge.
- de Burgh, H. (2008). *Investigative journalism* (2nd ed.). London

- Ersayin Toleubay. Kazakh kinosynyn kaigysy // Egemen Kazakhstan. – 2017. – №6 [The tragedy of Kazakh cinema]. Foresight-Kazakhstan
- Gulzina Bektas. Balalar uiyndegy bylyq. // Aiqyn, 06.06.2020, №81. [Violence in an orphanage]. Foresight-Kazakhstan
- Ingham, B. (1991). Kill the messenger. London: HarperCollins.
- Malik, Z. (2006, December 9). A dirty business. Guardian Week, 51.
- Nikolay Vasilyevich Chetvertkov. Sovremennaya press-sluzhba – «Gallery», 2002. – 164 s [Modern press service]. Foresight-Kazakhstan, 164 p
- Nurlan Shokaev. Para Bergen kim?.. nemese para aldy degen aip shyndyqqa zhanasady ma? // Qazaq uny, 12.11.2018, №44. [Who gave the bribe? or is the accusation of bribery true?]. Foresight-Kazakhstan
- Robert B. Downs. Books that Changed America. – New York: The Macmillan Company, 1970. – 280 p.
- Shyntemirlyzy. G. Akimdery kashagan // Egemen Kazakhstan. – 2018. – 24 septembar (№ 15). – 6 p [not translated]
- Shum Yu. A. Zhurnalistskoe rassledovanie: ot teori k praktike. «Moskva», 2002. – 64 s [Investigative journalism: from theory to practice]. Foresight-Kazakhstan, 64 p
- Spark, D. (1999). Investigative Reporting: A Study in Technique. Oxford: Focal Press.
- Tertychny A. Stary journalist. 1997. — «Mir», 320 s. [Old journalist]. Foresight-Kazakhstan, 320 p
- Tileybaykyzy L. Pedofilya: zgyndyl pa? Auru ma? // Didar, 20.09.2017. [Pedophilia: immorality? illness?]. Foresight-Kazakhstan.
- Ullmann John. Investigative reporting: advanced methods and techniques. – New York: St. Martin's Press, 1995. – 224 p.
<https://qazaqstan.tv/videos/120521>
<https://www.youtube.com/watch?v=G-zY-RCQe90&list=PL2fW2KcN2CwPdoFpy7FqV6X2gUrdfmOhL&index=49>